



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

бірі болып табылады. Өз дәуірі тілі мен әдебиетінің ерекшеліктерін көрсететін «Қиссас-ул әнбия» ескерткіші арқылы қазіргі қазақ тілінің қалыптасуы мен даму сатыларын тереңірек ұғынып, жан-жақты зерттеу мүмкіндігіне ие боламыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Nasirud-din bin Burhanud-din Rabguzi. Kisasül-enbiya (Peygamber Kıssaları). Haz.: A.Ata, 1.Cilt. Giriş-Metin-Tıpkıbasım. Ankara: TDK Yay., 1997, 616 s.
2. Nasirud-din bin Burhanud-din Rabguzi. Kisasül-enbiya (Peygamber kissaları). Haz.: A.Ata, 2.Cilt. Ankara: TDK Yay., 1997, 820 s.
3. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. 5 томдық шығармалар жинағы. 1-том. Алматы: Өнер, 2008, 304 бет.
4. Semra Canan. Kısasül'enbiya (Rabguzi) üzerine bir dil incelemesi. Kayseri, 2016.
5. Ежелгі дәуір әдебиеті (Құрастырған және өмірбаяндық деректерді жазған А.Қыраубаева). Алматы: Ана тілі, 1991, 280 б.
6. Yılmaz E., Küçük M., Demir N. Kısas-ı Enbiya. Ankara: TDK Yay., 2013, 1295 s.
7. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 2-том. - Алматы: ҚАЗАқпарат, 2006, 526 бет.
8. Қазақ тілінің грамматикасы. 1-бөлім. - Алматы, 1967.
9. Төлеуов Ә. Зат есімнің категориясы. - Алматы, 1971.
10. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. - Алматы, 1964-1991

ӘӨЖ 930.85 = 512.1

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ "БАУЫР" ЛЕКСЕМАСЫНЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ МАЗМҰНЫ

Боранбай Аяз Алибекұлы

ayaz_94@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Түркітану кафедрасының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д, профессор А.Шәріп

Көне замандардан бері түрлі мәдениеттер үшін адамның ең үлкен дене мүшесінің бірі - бауырдың алатын орны ерекше болды. Гомердің түсінігі бойынша адамның өмірлік күшінің шоғырланған жері осы мүшеге тиесілі болатын. Көне грек аңызы бойынша адамдарға отты сыйлағаны үшін Кавказ тауларына шынжырланған Прометейдің бауырын күн сайын бүркіт шоқыған, ал бауыр болса түн ішінде қайтадан қалпына келген. Жерорта теңізі және Таяу Шығыстың ежелгі халықтары қой және басқа жануарлардың бауырларын қолданып балгерлік еткен. Платонның түсінуінше бауыр теріс эмоциялардың (ашу, көре алмаушылық пен сараңдық) шығатын жері болған.

Парсы, урду және хинди тілдерінде бауыр (*جگر* немесе *जिगर* - жігер) батылдықтың образы болып саналады. Парсы тілінде "жігер" сөзі сымбатты адам деген мағынаны да білдіреді. Африкандық зулус тілінде "бауыр" мен "ерлік" түсініктері бір сөзбен - "isibindi" деп айтылады. Гбайя тілінде бауыр (sèè) арқылы адамның сезімдері жеткізіледі. "Бақыт" (dí sèè) сөзі сөзбе сөз "жақсы бауыр", ал "наразылық" (dáng sèè) "жаман бауыр" деп аударылса, "қызғану" (ʔáá sèè) сөзі "бауырға салу" деп аударылады. Сонымен бірге осы тілдегі бауыр сөзі "орталық" деген мағынаны да білдіреді [1].

Лезгин тілінде бүркіт пен бауыр үшін бір ғана "лекъ" сөзі қолданылады. Осы сөздің шығу тарихы Кавказдағы көне жерлеу дәстүрімен байланысты болған. Араб саяхатшыларының жазбаларында кейбір тау халықтарының адам өліктерін ағашқа байлап, бүркіттерге жемтік ретінде қалдырылғандығы туралы жазылған. Бірінші кезекте құстар құнарлы бауырға бас салған екен. Тау халықтарының түсінігінше адамның жаны бауырда болған. Сол жан бауыр арқылы бүркітке көшіп ұшып кететін [2]. Бұл арада Прометей туралы

миф кавказдықтардың көне жерлеу дәстүрімен ұштасып келеді.

Түркі халықтарында адамның ішкі жан-дүниесі, сезімдері мен адам бойындағы қасиеттер "бауыр" (өзб. жигар, тат. бавыр, каз. бауыр, кара-қалп. бауыр, қырғыз. боор, құмық. бавур, шор. паар, түрік. karasiger, түркмен. багыр., саха. быар, башқ. бәгер, чув. певер, ұйғыр. бегир, қар.-балқ. бауур) арқылы көрініс табады.

Қазақтарда бауыр басу (жақсы көру, үйрену), бауырына тарту (жақындасу), бауыры езілу (елжіреу, жаны ашу), бауырын көтеру (аяққа тұру), бауырына салу (баласын біреудің қамқорлығына беру), бауыры бүтін (амандық), бауыры суық (мейірімсіз, немқұрайлы), ер тоқымын бауырына алу (ашулану) және т.б. тіркестер түрлі эмоционалды-экспрессивті мағыналарды береді. Қазақ тілінде "бауыр" лексемасы қатысатын шамамен елуге жуық соматикалық фразеологизмдер бар. "Бауыр" концептісінің мәдени-ментальді құраушысы халықтың құндылықтық бағдарлары туралы мәлімет береді [3, 155].

Түркі халықтарының мифологиялық анатомиясында "туатын бауыр" концептісі ерекше орынға ие. Эпикалық поэмаларда басты қаһарман "бауырдан шыққан/жаралған" болып суреттеледі. Мысалы, қазақша "бауырын жарып шыққан"; "бауырынан жаралған".

Саха тілінде "бауыр" лексемасы қатысатын қуанышты білдіретін соматикалық метафоралар кездеседі. Оларда көбінесе жүрек пен бауыр (сүрәһ-быар) сөздері бірге қолданылады. Мысалы, *сүрәһ-быара сымныыр* сөзбе-сөз «жүрек-бауыр жұмсарады»; *сүрәһин (сүрәһин-быарын) ортотунан киирдэ* сөзбе-сөз «жүректің (жүрек-бауырдың) дәл ортасынан» – жүрекке жақын, ұнау; *сүрәһин-быарын сымнат* сөзбе-сөз «жүректі-бауырды жұмсарт» - біреуді жұбату, қолдау көрсету; *быарғын тарбаа - қатып күлу*. Сонымен бірге саха тілінде қайғыны да "бауыр" лексемасының қатысуымен білдіреді. Мысалы, *сүрәһин-быарын аалар* сөзбе-сөз «жүректі-бауырды кеседі» - мазасыздану; *сүрәһ-быар ыарыыта* сөзбе-сөз «жүрек-бауыр ауруы» - ішкі күйзеліс [4, 90-91]; *быара кырыыланар* - біреуге ызалану [5].

Сонымен бірге саха тілінде "быар" сөзін кеңістікті білдіретін мағынада: орталықты, бір нәрсенің шығып жатқан бөлігін атаған [6, 503].

Сахаларда шамандық ғұрыптарда бақсылар аруақтардан «*Сыалыһар балык быарын быарданаңын*» («Бауырынды нәлім балығының бауырындай қыл»), яғни мейірімділік көрсет, рақым етдеп сұрайтын.

Хакас тілінде бауырмен байланысты тұрақты тіркестер де көптеп кездеседі. Мысалы, *паар ачирға* (бауыр ауырады) - кобалжу, уайымдау; *паар түгенерге, паар хурупча* (бауыр кеуіп тұр) - қатты уайымдау, сағыну; *паар хараларға* (бауыр қарайды) - қайғыру, сағыну; *паарға пазынарға* (бауырға басу) - құшақтау, аймалау; *паарға сиип парарға* (бауырға сіну) - 1) көңілге алу; 2) жанды түршіктіру, ойды толқыту; *паланы тың ылгатпачаң, паары көзіп парар* - баланы көп жылатқызба, бауыры қатып қалады [7, 13]; чағ чібезем, паарым харалча - май жемесем, бауырым қараяды (қарын ашқанда). Хакастарда адамдық қасиеттер де бауырмен байланыстырылады. Мысалы, *тас паарлыг* - тас бауыр (қатал); *нымзах паарлыг* - жұмсақ бауырлы (мейірімді).

Хакастардың түсінігі бойынша баланың пайда болуы, жетілуі әйел адамның бауырында басталады. Осыдан *паарынаң сыххан* (бауырынан шыққан) - туған балаға қатысты тұрақты тіркес те қолданады [8].

Сонымен бірге "бауыр" сөзі - "жан" сөзінің баламасы ретінде де қолданылады. Мысалы, *пала паарға тох* - бала - жан ләззаты (ребенок наслаждение для души); *пар ниме паарға тозыг* - қолда бар ақша жан азығы (имеющаяся наличность сытость для души); *іче паары-хорты паар (нымзах), паба паары-аба паар* - ана бауыры нәлімнің бауырындай (жұмсақ), әке бауыры аюдың бауырындай (қатты) (жан мағынасында) (душа матери как печень налима (мягкая), душа отца как медвежья печень (твердая)); *туғанның істі тарынза даа, паары тарынмас* - туғанның іші тарынса да, жаны тарынбас.

Сахаларда сезімдер жүрек және жүрек-бауыр арқылы білдірілсе, хакастарда көбінесе бауыр арқылы білдіріледі. Мысалы, *чалгыс кізее чагбан паарлыг пол, өксіс кізее нымзах паарлыг пол* - жалғызға қайырымды бол, жетімге мейірімді бол.

Хакас тілінің сағай диалектінде паарса, маарса сөздері "аймалау", "мәпелеу" деген мағынада қолданылады. Мысалы, *кізі палазын нинче дее паарсап азырап өзкір парзаң ир синіне чит парза, кемзің дее сурбин, сыгара парыбызар* - біреудің баласың қанша мәпелеп асырасаң да, ер жеткен соң кімсін деп сұрамай үйіңнен кетеді.

"Паарсах" (качинск диалекті), "маарсах" (сағай диалекті) сөздері "нәзік", "мейірімді", "жылу" деген мағына береді. Мысалы, *час палага паарсах кирек* - сәбиге жылу керек; *пай кізі малга паарсах, чох кізі палаа паарсах* - бай малын жақсы көреді, кедей кісі баласын жақсы көреді; *паар чизең паарсах поларсың* - бауыр жесең нәзік боласың; *іченің ибі истіг, пабаның ибі паарсах (ирге парыбысса)* - анамның үйі ыстық, әкемнің үйі жылы (күйеуге шыққан әйел айтады).

Хакастарда күйеуі қайтыс болған әйелге бейіттің басынан бір уыс топырақ әкеліп беретін болған. Әйел ол топырақты бауырының тұсынан үш айналдырып, өзін сабырлыққа шақырған. Тек бір аптадан соң марқұм жатқан жерге баруға рұқсат етілген. Онда әйел бейітке кеудесін қойып, бір уыс топырақты бауырынан айналдыра тастаған. Жетісін бергенде марқұмның туған-туысқандары дастархан басына жиналып, бауырдан жасалған тағамды кеуде тұстарынан үш айналдырып, «Паары тугенмезш!» («Пусть не истощится ее печень от горя и печали!»), яғни «Бауыры түгесілмесін!» деп тілек айтқан. Бірақ қайтыс болған кісінің соңынан қырық күнге дейін олар бауырдан дәм татпаған [9, 249].

Жоғарыда аталған түркі халықтарында "бауыр" лексемасы қырғыздарда да дәл сондай мағынаға ие. Қырғыз халқының "Туугандын өзү таарынса да, боору таарынбайт" мақалының нұсқасы хакастарда да бар. Сонымен бірге дөрекі мағыналы сөздерде де кездеседі. Мысалы, «жети атаңдын боорун же!» (Жеті атаңның бауырын же), яғни түрлі масқараны же деген мағынада айтылған.

Қырғыздарда ең жақын туыстық "боор" сөзімен белгіленеді. Мысалы, оорусун жашырган өлөт, боорун жашырган бөлүнөт - ауыруын жасырған өледі, бауырын жасырған бөлінеді (туыстардан алыстайды).

Қоңыр, қою қызыл түс *боор энди* сөз тіркесімен беріледі [10].

Қырғыздарда *боор оору*, *боор ачы* қазақтың жан қысылу, жан ашу тіркестеріне сәйкес келеді. Қазақ тілінде сезімдерді білдіретін кейбір тіркестерде "бауыр" лексемасының орнын "жан" сөзі басып алды. Яғни саян-алтай, қырғыз түркілерідегідей *бауыры ашу* емес, оның орнына *жаны ашу* тұрақты тіркесі тілімізге сіңіп кеткен.

Осылайша, түркі тілдерінде "бауыр" лексемасы адамның жан дүниесі мен сезімдерін білдіретін, адамның эмоционалды-психикалық, физикалық және әлеуметтік ерекшеліктерін көрсететін лексема болып табылады. Саха тілінде "бауыр" лексемасының мағынасы кеңейіп, кеңістік мәнді, яғни орталықты және бір нәрсенің шығып жатқан бөлігін білдіреді. Осы арада айта кететін қызықты факт, африкандық гбайа тілінде де бауыр (sèè) сөзі "орталық" деген мағынада да қолданылады. Лезгин тілінде бауыр мен бүркіт сөздері үшін бір ғана "лекъ" сөзі қолданылады. Яғни, осы келтірілген мысалдар туыс емес тілдерде де "бауыр" сөзінің әлі зерттелмеген алуан түрлі функциялары мен қолданылу жағдайлары түркі тілдеріндегі материалдармен салыстырылса жемісті нәтижелер беретініне сенімдіміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. [https://ru.wikipedia.org/wiki/ Печень](https://ru.wikipedia.org/wiki/Печень)
2. http://lezginskiy.narod.ru/news/pochemu_lezginy_zovutsja_lezginami/2013-04-18-1
3. Кульбаева Б. Лингвокультуремы - соматизмы «көз», «бел» и «бауыр» как маркеры репрезентации фоновых знаний // Вестник ПГУ - ПМУ Хабаршысы. Серия филологическая. №2, 2016. - С. 149-157
4. Николаева А. М. Метафоры состояния души человека в якутском языке // Вестник Челябинского государственного университета. 2012. № 6 (260). Филология. Искусствоведение. Вып. 64. С. 90–93.
5. <https://translate.academic.ru/быар/sh/ru/>
6. Попова Г.С., Никифорова С.В., Дьячковская Е.А. Проблемы воссоздания аласной

культуры саха в современных условиях // Культура и цивилизация. 2017. Т. 7. № 3А. С. 496-517.

7. Бутанаев В. Я. Представление о рождении, жизни и смерти у саянских тюрков // Языки, история, культура тюркских народов южной Сибири и прилегающих регионов : материалы междунар. науч. конф., посвящ. 75-летию со дня рождения Э.Ф. Чиспиякова. – Но-вокузнецк, 2005. – С. 12-20

8. <http://www.khakasia.com/forum/index.php/> Элементы традиционного мировоззрения в языковом сознании хакасов

9. Шәріп А. «Бауыр» ұғымының мифологиялық, этнолингвистикалық және әлеуметтік сипаттары // «Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы мемлекеттік тіл: қазіргі ахуалы және мәдениетаралық ықпалдастық мәселелері» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 2013. - 248-251 Б.

10. <http://tamgasoft.kg/dict/d-2/word/> боор

УДК 8'80.800

КЫПЧАКСКИЕ ИМЕНА В ДРЕВНЕРУССКИХ ПАМЯТНИКАХ

Диханбаева Айгуль Ерболатқызы

ayguldikhanbaeva@gmail.com

Студентка факультета тюркологии ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель – доктор PhD, ст. преподаватель С.А. Ярыгин

Сегодня в рамках продолжающихся процессов утраты любых форм идентичности, на фоне постиндустриального развития мира и перехода в новую информационную эпоху, обретают актуальность знания о культуре наших исторических предков. Одним из таковых является традиционная форма культуры, проявляющая себя в именослове. Тюркский мир антропонимов представляет богатое поле для научного исследования. Традиционные этнические имена показывают культурные особенности народа, работа в данном направлении представляет, как теоретический, так и практический интерес показывая и предоставляя на широкое обозрение имена используемые тюркскими, кыпчакскими племенами в эпоху средневековья. В связи с этим исследование древнерусских летописей является важным научным направлением, поскольку в них содержатся тюркизмы, т.е. кыпчакские имена.

Тюркологам – историкам языка – хорошо известен факт о том, что расшифровка древнетюркской руники начиналась с прочтения антропонимов, зафиксированных в двуязычных китайско-тюркских памятниках [1]. Антропонимия в широком смысле этого слова в древности, как, впрочем, и сейчас, имела чрезвычайно большое значение для члена общества. “Имя рождалось как словесное отражение обычаев, нравов, религиозных ритуалов и их предметных атрибутов. Имя не только имеет функцию обозначения индивидов для удовлетворения практической необходимости общения в пределах определенных социумов, но и сложным образом отражает, фиксирует состояние их культуры” [2].

В древнетюркской антропонимии выделяется целый ряд основных антропонимических категорий, которые в достаточно полной мере отражают особенности функционирования антропонимов в древности и особенности социально-политической системы общества. К числу наиболее значимых антропонимических категорий в древнетюркском обществе относились: 1) *личное имя*, даваемое при рождении или взрослому человеку, и служащее для идентификации личности в пределах небольших социумов (семья, род, община, может быть отчасти племя); 2) *er ati* – “геройское имя” или “мужское имя”. Его удостаивались лица, своей доблестью завоевавшие себе славу; 3) *родовое имя*, могло служить своего рода кодификатором,